

## **"Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 10 қараша N 256-II

"Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Z980326\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 24, 435-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-бапта:

7-тармақша "құқық берілген" деген сөздерден кейін "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 16), 17) тармақшалармен толықтырылсын:

"16) адам құрамы жөніндегі құжаттар - қызметкерлердің еңбек қызметін растайтын құжаттар кешені және оларды зейнетақымен қамсыздандыруға арналған ақшаның аударылуы туралы мәліметтер;

17) мұрағат құжаттарын пайдаланушы - пайдалану мақсатында ақпарат алу үшін мұрағат құжаттарына жүгінетін жеке немесе заңды тұлға.";

2) 5-бапта:

1-тармақ "олардың филиалдарының" деген сөздерден кейін ", арнаулы мемлекеттік мұрағаттардың, кітапханалардың, мұражайлардың" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де" деген сөздер алып тасталсын;

3) 6-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) тарихи және өзге де құндылығы жоқ және практикалық маңызын жойған құжаттарды сақтау мерзімі мен жою тәртібін белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын;

"4. Ұлттық мұрағат қорын қалыптастыру мен толықтыру көздері болып табылатын ұйымдардың құжаттарын уәкілетті органның келісімінсіз жоюға жол берілмейді.";

4) 7-баптың 2-тармағында:

1) тармақшада:

"1917 жылға дейін жасалған" деген сөздерден кейін ", арнаулы мемлекеттік мұрағаттардағы, мемлекеттік кітапханалардағы және мұражайлардағы" деген сөздермен толықтырылсын;

"министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге де" деген сөздер алып тасталсын;

5) 8-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Заңды тұлғалар қайта ұйымдастырылған кезде Ұлттық мұрағат қорының құжаттары мен адам құрамы жөніндегі құжаттар өңделген күйде құқық мұрагерлеріне беріледі.

4. Заңды тұлғалар таратылған кезде Ұлттық мұрағат қорының құжаттары мен адам құрамы жөніндегі құжаттардың одан әрі сақталатын орны туралы шешімді, уәкілетті органмен келісе отырып, тарату комиссиясы немесе конкурстық басқарушы қабылдайды.";

б) 11-баптың 2-тармағында "уәкілетті органы" деген сөздер "Үкіметі

немесе жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 12-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мұрағат қорлары, мұрағат коллекциялары, олардың бөліктері заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының объектілеріне жатқызылуы және тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізілуі мүмкін.";

8) 13-бапта:

1-тармақтың екінші сөйлемі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1 тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын өңдеу мен беру құжаттарды мұрағаттарға беретін заңды тұлғалардың күші мен қаражаты есебінен, Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекіткен ережелерге сәйкес жүргізіледі.";

2-тармақ алып тасталсын;

9) 15-баптың 5-тармағының үшінші сөйлеміндегі "ведомстволық" деген сөзден кейін "және жеке меншік" деген сөздермен толықтырылсын;

10) мынадай мазмұндағы 16-1-баппен толықтырылсын:

"16-1-бап. Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын пайдаланушылардың міндеттері

Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын пайдаланушылар:

1) пайдаланылатын құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

2) пайдаланылған құжаттар мәтінінің өңін айналдыруға және оны бұрмалауға жол бермеуге;

3) құжаттарды жариялаған кезде олардың сақталу орнын және оның иесін көрсетуге міндетті.";

11) 17-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қамтылған мемлекеттік және ведомстволық мұрағаттар жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсеткен кезде

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен ақылы қызмет көрсетуіне және алынған қаражатты пайдалануына болады." .

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК